

**Меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындардағы Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігі Әскери өкілдіктерінің жұмысы жөніндегі нұсқаулықты  
бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 200 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 27 мамырда № 11201 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 1111 бұйрығымен.

**Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 25.11.2022 № 1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереженің 21-тармағының 19) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМАЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындардағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери өкілдіктерінің жұмысы жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери өкілдіктер орталығының бастығы:

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдасын;

2) мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін ресми түрде жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесіне жолдасын;

3) ресми жарияланғаннан кейін бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің веб-сайтына орналастырысын.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-лейтенант О.Б. Сапаровқа жүктелсін.

4. Бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

И. Тасмағамбетов

2015 жылғы 20 сәуірдегі

№ 200 бұйрығымен

бекітілген

## **Меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындардағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери өкілдіктерінің жұмысы жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрлік 05.08.2021 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындардағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери өкілдіктерінің жұмысы жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлік әскери өкілдіктерінің мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімнің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімнің), орындалған әскери мақсаттағы жұмыстардың және әскери мақсаттағы көрсетілген қызметтердің сапасын бақылауды және қабылдауды жүзеге асыру жөніндегі жұмысын нақтылайды.

2. Меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындардағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлік әскери өкілдіктерінің жұмысы жөніндегі нұсқаулық әскери өкілдіктердің өнімнің сапасын бақылау және қабылдау жөніндегі жұмысын ұйымдастыруды, наразылық жұмысын ұйымдастыруды және жүргізуді , өнімге нақты шығындарды тексеру және келісу жөніндегі жұмысын ұйымдастыруды және әскери өкілдіктердің өзара іс-қимылын қамтиды.

3. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бұйым (партия) – бір техникалық құжаттама бойынша шектелген уақыт кезеңінде жасалған және алушының мекенжайына жіберуге арналған біртекті өнім бірлігінің жиынтығы;

2) біліктілік сынағы – талап етілген сападағы өнімді берілген көлемде шығаруға өнеркәсіп кәсіпорындарының дайындығын бағалау мақсатында өнімді шығаруға қою кезінде жүргізілетін өнімді бақылап сынаулар;

3) ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ФЗЖ) – негізделген бастапқы деректерді алу, өнімді жасау (жаңғырту) қағидаттары мен жолдарын іздестіру мақсатында жүргізілетін теориялық немесе эксперименттік зерттеулер кешені;

4) жаппай бақылау – әскери өкілдік бұйымдарды жасау мен сынаудың келесі кезеңдерінде орындалу сапасын тексере алмайтын бұйымдар, құрастыру

бірліктері, бөлшектер мен технологиялық процесс операциялары үшін, сондай-ақ оны шығарудаменгери сатысындағы өнім үшін көзделген сапаны бақылау;

5) жедел бақылау – Міндетті ұсынымдар тізбесіне кірмеген технологиялық операцияларды және процестерді бақылау. Жедел бақылаумен ұйымның НТҚ талаптарын орындауы, өндірістің жалпы мәдениетінің жай-күйі, ұйым зертханаларының жұмысы, цехтардың, участеклер мен жұмыс орындарының жай-күйі, қабылданған өнімді сақтау қағидаларының сақталуы да тексеріледі. Жедел бақылау кенеттен, уақыттың кез келген сәтінде жүзеге асырылады;

6) қорғаныс өнеркәсібі кешені ұйымы – қару-жарақ пен әскери техника айналымы саласында лицензиясы бар отандық тауар өндіруші және жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық жеткізуши (бұдан әрі – ұйым);

7) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласында басшылық жасауды және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

8) міндетті ұсынымдар тізбесі – әскери өкілдік әзірлеген ұйымның техникалық бақылау бөлімі әскери өкілдікке бақылауға міндетті түрде ұсынуға жататын бұйымдар, құрастыру бірліктері, технологиялық процесс операциялары тізбесі;

9) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы – мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс құрамына кіретін әскери мақсаттағы тауарларды (өнімді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған өтінім беретін және тиісті тауарларды (өнімді), жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алатын орталық атқаруышы орган, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган, олардың ведомстволары ;

10) нормативтік-техникалық құжаттама (бұдан әрі – НТҚ) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілетін әртүрлі санаттағы стандарттар, жалпы техникалық талаптар жүйелері, алушкиның тактикалық-техникалық тапсырмалары (ерекшеліктері), материалдарға, заттарға техникалық шарттар, басқа да құжаттар жататын техникалық және технологиялық нормаларды қамтитын нормативтік құжат;

11) өнімді қабылдау – өнімнің шарт талаптарына (шарттарына) сәйкестігін және оның сапасын бақылаудың оң нәтижелері кезінде жүзеге асырылатын осы өнімнің жеткізуге және (немесе) пайдалануға жарамдылығын тексеру және құжаттамалық растау;

12) өнімді қабылдауды тоқтата түру – әскери өкілдіктің өнім сапасын бақылау, қабылдау және тиеу процесін негізделген уақытша тоқтату жөніндегі өкілеттіктері;

13) өнім номенклатурасы – әскери өкілдік сапасын бақылауға және қабылдауға жататын өнім тізбесі;

14) өнім сапасы – өнімнің арналуына сәйкес қажеттілікті қанағаттандыру үшін оның жарамдылығын айқындайтын сандық және (немесе) сапалық көрсеткіштер жиынтығы;

15) өнімді шығаруға қою – жаңадан әзірленген немесе жаңғыртылған бұйымдарды өнеркәсіптік шығаруды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар кешені;

16) сапаны бақылау – әскери өкілдіктің олардың белгіленген талаптарға (шарт талаптарына) сәйкестігін айқындау мақсатында өнімнің сандық және (немесе) сапалық көрсеткіштерінің қасиеттерін тексеру жөніндегі қызметі;

17) сапа менеджменті жүйесі (бұдан әрі – СМЖ) – өнім сапасын жалпы басқару үшін қажет әдістемелердің, процестердің және ресурстардың ұйымдық құрылымының жиынтығы;

18) техникалық бақылау бөлімі (бұдан әрі – ТББ) – өнімнің белгіленген ТК талаптарына (шарт талаптарына) сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыратын ұйым бөлімшесі;

19) техникалық құжаттама (бұдан әрі – ТК) – өнімнің қолданылу циклінің әрбір сатысында тікелей пайдалану үшін қажетті және жеткілікті құжаттар жиынтығы (ТК-ға конструкторлық, технологиялық, бағдарламалық, жобалау-сметалық, жобалау құжаттамасы, техникалық шарттар жатады);

20) тәжірибелік-конструкторлық жұмыс (бұдан әрі – ТКЖ) – қару-жарақ пен әскери техника үлгісін жасау (жаңғырту) үшін бірыңғай бастапқы құжат (ТТК) бойынша орындалатын жұмыстар кешені;

21) ішкі бақылау – ТК талаптарына және шарт талаптарына сәйкес келмейтін өнім үлгілерін (жүйелерін, кешендерін) әзірлеу, шығару, жаңғырту және жөндеу кезінде қолдануды болдырмау үшін өнім сапасын бақылау;

22) ішінара бақылау – сапаны бақылау, онда өнім жататын партиядан салыстырмалы түрде оның бірліктерінің аз саны бақыланады, осы бақылау өнім сериялары үшін жүзеге асырылады.

## **2-тaraу. Әскери өкілдіктің өнім сапасын бақылау және қабылдау жөніндегі жұмысын ұйымдастыру**

4. Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімді) жеткізуге, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауга және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуге уәкілетті орган немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушы мен мемлекеттік қорғаныстық

тапсырысты орындаушы арасында жасалған мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттар (бұдан әрі – шарт) әскери өкілдіктің әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімнің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімнің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау және оларды қабылдау жөніндегі қызметті ұйымдастыруы және жүзеге асыруы үшін негіз болып табылады.

5. Әскери өкілдік шарт және ТҚ талаптарына сәйкес өнімдішішарудың кез келген сатысында өнім сапасына бақылауды жүзеге асырады.

6. Жасалған шарт негізінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери өкілдіктер орталығы (бұдан әрі – Орталық) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери өкілдік бақылайтын өнім номенклатурасын әзірлейді, оны уәкілетті орган немесе қорғаныстық тапсырысты алушы бекітеді. Ол бекітілгеннен кейін үзінділер әскери өкілдікке жеткізіледі.

7. Әскери өкілдік шарттардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады, олар осы Нұсқаулыққа 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша шарттарды, дайын өнімді қабылдауды және жеткізуді есепке алу журналында тіркеледі. Шарттар талаптарының және мерзімдерінің орындалмауына (бұзылуына) алғышарттар жасалған кезде әскери өкілдік жүктелген өкілеттіктер бөлігінде оларды уақтылы орындау бойынша шаралар қабылдайды, ұйымдарға тиісті ұсынымдарды жолдайды және ол туралы уәкілетті органға (алушыға) және Орталыққа деру баяндайды.

8. Әскери өкілдік шарттар негізінде осы Нұсқаулыққа 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша техникалық бақылау бөлімі әскери өкілдікке ұсынуға жататын бұйымдардың, құрастырубірліктерінің, технологиялық процесс операцияларының міндетті ұсынымдар тізбесін әзірлейді және кәсіпорынның басшылығымен келіседі. Тізбеге дайын өнім және оның құрамдас бөліктері (құрастыру бірліктері, бөлшектер), сондай-ақ шарт талаптарына сәйкес міндетті жаппай, ішінәра және жедел бақылауға және қабылдауға жататын технологиялық процесс операциялары енгізіледі.

9. Міндетті ұсынымдар тізбесі ТҚ талаптарына сүйене отырып, әскери өкілдіктің штат санын, технологиялық процестерді пысықтау дәрежесін, өнім сапасы және сынаудың еңбек сыйымдылығы туралы мәліметтерді ескере отырып әзірленеді. Өнім сапасын бақылауды қүшейту және қабылдау үшін ұйымдарға басқа әскери өкілдіктердің лауазымды адамдарын, сондай-ақ Орталықтың лауазымды адамдарын өнім сапасын бақылау және қабылдау үшін іссапарға жіберуге жол беріледі.

10. Міндетті ұсынымдар тізбесін әскери өкілдік бастығы бекітеді және үйымның басшысына келісуге жолданады және қажет болған кезде әскери өкілдік өнімді дайындау, сапасын бақылау және пайдалану нәтижелері бойынша нақтылайды.

**1-параграф. Өнім сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін бақылау нысандары мен әдістері**

11. Өнімді жасау сапасын бақылау ТҚ-да көзделген осы өнімді бақылап сынауды жүргізу арқылы жаппай, ішінара, ішкі немесе жедел бақылау әдісімен жүзеге асырылады.

12. Бақылау тиімділігін арттыру үшін әскери өкілдік құрастыру бірліктері, бөлшектер, технологиялық процесс операциялары және жалпы бұйым сапасын бақылау әдістемесін (картасын) әзірлейді.

13. Әскери өкілдік техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігіне алдын ала тексерілген және осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұйымды ұсыну туралы хабарлама бойынша үйымның ТББ-сы қабылдаған бұйымдар, құрастыру бірліктері, бөлшектер, технологиялық процесс операциялары сапасын бақылауды және қабылдауды жүзеге асырады.

14. Өнім сапасын бақылауды және қабылдауды әскери өкілдік есепке алынған ТҚ жиынтығы бойынша жүргізеді.

15. Өнім сапасын бақылау процесінде әскери өкілдік:

1) бақылау үшін қажетті есепке алынған ТҚ-ның бар болуын, оның жай-күйі мен пысықталу дәрежесін;

2) ұсынылған өнімді бақылау немесе сынау үшін арналған жұмыс орнының жай-күйін, бақылау-өлшеу және тексеру аппаратурасының, стенділердің, пульттердің, құрал-сайман мен айла-бұйымдардың бар болуын және ақаусыздығын, сондай-ақ оларға паспорттардың (аттестаттардың) бар болуын және оларды ұйым метрологиялық қызметінің уақтылы салыстырып тексеруін (калибрлеуін);

3) ұсыну және ілеспе құжаттаманың бар болуын және дұрыс ресімделуін;

4) ұсынылған өнімнің жиынтықталуын;

5) ұсынылған өнімнің ТҚ талаптарына және шарт талаптарына сәйкестігін;

6) тексерілетін өнімнің сақталу жай-күйін және оны жеткізу тәртібін;

7) ақауды оқшаулауды;

8) жұмыс орнындағы және өндіріс участкесіндегі өндіріс мәдениетін тексереді.

16. Сапаны бақылауды аяқтағаннан кейін әскери өкілдік ілеспе құжаттаманы ресімдейді, хабарламада сапаны бақылау нәтижелері бойынша қорытынды береді, егер бұл ТҚ-да көзделсе, бұйымдың таңбалайды және пломбалайды.

## **2-параграф. Жаппай бақылау жүргізу**

17. Ұлттық стандарттар (сынау бағдарламалары) немесе ТҚ талаптарына сәйкес әскери өкілдікке ұсынылатын әрбір бұйымның, құрастыру бірлігінің, бөлшектің немесе технологиялық процесс операциясының сапасын бақылау жаппай бақылау деп түсініледі.

18. Жаппай бақылаумен әскери өкілдік әскери өнімді (өнімді) жасаудың және сынаудың келесі кезеңдерінде орындау сапасын тексере алмайтын, ал ішінара бақылау оның белгіленген талаптарға сәйкестігін объективті бағалауға мүмкіндік бермейтін анағұрлым жауапты бұйымдар, құрастыру бірліктері, бөлшектер және технологиялық процесс операциялары үшін көзделеді. Жаппай бақылау өнімді шығаруды менгеру сатысында да және ұзақ үзілістен кейін осы өнімді шығаруды қайта бастау кезінде де қолданылады.

## **3-параграф. Ішінара бақылау жүргізу**

19. Әскери өкілдік өнімді ішінара бақылауды ұсынылған бұйымдар партиясынан жүзеге асырады және ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес жүргізеді.

Өнімге ішінара бақылау жүргізу үшін бақылау жоспары жасалады, ол бақыланатын партия ауқымын, таңдау немесе сынамаауқымын, бақылау нормативтерін қамтиды.

20. Өнімді қабылдау аяқталғаннан кейін әскери өкілдік қабылдаудың аяқталу уақытын белгілеумен (өнімді ұсыну уақыты ұсыным құжаты алынғаннан кейін белгіленеді) хабарламаны және ілеспе құжаттаманы ресімдейді, сондай-ақ техникалық құжаттамада көзделген жағдайда өнімді пломбалайды және таңбалайды. Ішінара бақылау кезінде партияны қабылдау туралы қорытындыда сынауға ұшыраған бұйымдардың зауыттық нөмірлері көрсетіледі.

## **4-параграф. Ішкі бақылау жүргізу**

21. Бұйымдарға ішкі бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 695 қбпү бұйрығымен бекітілген ҚР ӘСТ 13.45 "Сапаны кешенді бақылау жүйесі. Материалдарды, жартылай фабрикаттар мен жиынтықтаушы бұйымдарды ішкі бақылау. Жалпы ережелер" әскери стандартының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

## **5-параграф. Жедел бақылау жүргізу**

22. Әскери өкілдік жедел бақылауды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 695 қбпү бұйрығымен бекітілген ҚР ӘСТ 13.53 "Сапаны кешенді бақылау жүйесі. Өндірісті, операцияларды және

технологиялық процестерді, материалдарды, жартылай фабрикаттар мен жиынтықтаушы бүйымдарды жедел бақылау. Жалпы ережелер" әскери стандартының талаптарына сәйкес жүргізеді.

Өндірісті жедел бақылауға тапсырмаға осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери өкілдік бастығы қол қояды және 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірісті жедел бақылауға тапсырмалар беру журналында осы тапсырмаларды есепке алу жүргізіледі.

#### **6-параграф. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауды бақылау**

23. F3Ж-ны орындауды бақылауды жүзеге асыру кезінде әскери өкілдік:

- 1) НТҚ-ны және F3Ж-ны орындауға шарттарды қарауға және келісуге қатысады. Әскери өкілдік осы құжат бойынша ескертулер мен ұсыныстарды уәкілетті органға, алушыға және ұйымға жолдайды;
- 2) F3Ж-ға құжаттаманы қарауға және келісуге қатысады;
- 3) орындалған жұмыс кезеңдерінің НТҚ талаптарына сәйкестігін тексереді, осы тапсырмалардың барлық өзгерістері мен нақтылануы уақтылы ресімделгенін және бекітілгенін қадағалайды;
- 4) бірлескен жұмыстар жоспарларын, жасалатын бүйымдарды эксперименттік пысықтаудың кешенді бағдарламаларын және F3Ж-ны орындауга басқа да жоспарлау құжаттарын келіседі, олардың орындалуын есепке алады;
- 5) макеттерді, модельдерді, эксперименттік үлгілерді және олардың құрамдас бөліктерін сынау бағдарламалары мен әдістемелерін келіседі, сынауларды жүргізуға және олардың нәтижелері бойынша қорытындылар жасауға қатысады;
- 6) ғылыми-техникалық кеңестерде немесе ұйымның кеңестерінде әрбір кезең бойынша жұмыстарды аяқтау нәтижелерін және жалпы жұмыс бойынша қарауға қатысады;
- 7) ұйымға шарттар талаптарына сәйкес жұмыс кезеңдерінің орындалғаны туралы күәлік береді;
- 8) шарт талаптары, НТҚ және Қазақстан Республикасы Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 383-од бүйрығымен бекітілген МЕМСТ 7.32-2017 "Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп беру" мемлекетаралық стандартының талаптары орындалмаған жағдайда қабылдау үшін әскери өкілдікке ұсынылатын F3Ж-ны қабылдамайды.

Жұмыстарды (жұмыс кезеңдерін) қайта қарауды әскери өкілдік уәкілетті орган бекітken анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар іске асырылғаннан кейін жүргізеді.

24. F3Ж-ны бақылау кезінде әскери өкілдік:

- 1) ұйым жүргізетін зерттеулер тақырыбын зерделеуді;

2) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды;

3) орындалған кезеңдер бойынша қорытынды беруді;

4) F3Ж (кезеңдері, құрамдас бөліктері) орындалғаннан кейін қалған макеттерді, модельдерді, материалдарды, өлшеу құралдарын және материалдық құндылықтарды, жұмыс құнына енгізілген оларды жасауға немесе сатып алуға шығындарды есепке алуды жүргізуі, сақталуын және қозғалысын бақылауды жүзеге асырады.

25. Эскери өкілдік F3Ж-ны қабылдау актісі бойынша уәкілетті орган (алушы) шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

#### **7-параграф. Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың орындалуын бақылау**

26. Эскери мақсаттағы тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (бұдан әрі – ТКЖ) мазмұны және орындау кезінде эскери өкілдіктің олардың сапасын бақылауды ұйымдастыруы шарттармен белгіленеді.

27. Эскери өкілдік ТКЖ-ны орындауды бақылауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 450 бұйрығымен бекітілген ҚР ӘСТ 1207 "Эскери техниканы әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау тәртібі . Негізгі ережелер" әскери стандартының талаптарын басшылыққа алады.

#### **8-параграф. Эскиздік (техникалық) жобаны әзірлеуді бақылау**

28. Эскиздік (техникалық) жобаны (бұдан әрі – ЭЖ, ТЖ) әзірлеу кезеңінде эскери өкілдік Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 450 бұйрығымен бекітілген ҚР ӘСТ 1207 "Эскери техниканы әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау тәртібі . Негізгі ережелер" әскери стандартын басшылыққа алады.

#### **9-параграф. Өнімнің тәжірибелік үлгісін жасау үшін ТК-ны әзірлеуді бақылау**

29. Осы кезең жұмысының мақсаты мен мазмұны өнімнің тәжірибелік үлгісін (құрамдас бөлшектің тәжірибелік үлгісін), оның ішінде пайдалану процесінде өнімді (құрамдас бөлшекті) пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз ету үшін арналған оқу-жаттықтыру құралдарын, арнайы технологиялық жабдықты және керек-жарақты жасау және оларды сынау үшін ТК-ны, сондай-ақ бағдарламалық құжаттаманы (қажет болған кезде) әзірлеуді қамтиды.

30. Өнімнің (құрамдас бөлшектің) тәжірибелік үлгісін жасау үшін ТҚ-ны әзірлеуді бақылауды жүзеге асыру кезінде әскери өкілдік Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 450 бұйрығымен бекітілген ҚР ӘСТ 1207 "Әскери техниканы әзірлеу және шығаруға қою жүйесі. Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау тәртібі. Негізгі ережелер" әскери стандартын басшылыққа алады.

**10-параграф. Өнімнің тәжірибелік үлгісін жасауды бақылау және оларды алдын ала сынау**

31. Өнімнің тәжірибелік үлгісін жасау және оларды алдын ала сынау кезеңінде әскери өкілдік Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 695 қбпү бұйрығымен бекітілген ҚР ӘСТ 1207 "Әскери техниканы әзірлеу және шығаруға қою жүйесі. Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау тәртібі. Негізгі ережелер" және ҚР ӘСТ 13.47 "Әскери техника бұйымдарын әзірлеу кезінде олардың сапасын бақылау. Негізгі ережелер" әскери стандарттарын басшылыққа алады.

**11-параграф. Өнімнің тәжірибелік үлгісін мемлекеттік сынауды бақылау (өнім құрамдас бөлшегінің тәжірибелік үлгісін ведомствоаралық сынау)**

32. Өнімнің (өнімнің құрамдас бөлшегін) тәжірибелік үлгісін мемлекеттік (ведомствоаралық) сынау кезеңінің мақсаты:

1) жасалатын өнімнің жойғыш мүмкіндігін бағалау, өнімнің (өнім құрамдас бөлшегінің) тәжірибелік үлгісі техникалық және пайдалану сипаттамасының ТКЖ-ны орындауға НТҚ талаптарына сәйкестігін тексеру және растау;

2) өнімді қарулануға (жабдықтауға, пайдалануға) қабылдау мүмкіндігі туралы ұсыным беру;

3) өнеркәсіптік (сериялық) өндірістің мақсатқа сәйкестігі туралы және алушыға өнімді жеткізу үшін өндірісті өрістетуге әзірленген құжаттаманың әзірлігі туралы ұсыным беру;

4) пайдалану құжаттарын (оның ішінде оқу-техникалық плакаттарды) бағалау және ТҚ-ны пайдалануға рұқсат ету туралы қорытынды беру болып табылады.

33. Өнімнің (өнім құрамдас бөлшегінің) тәжірибелік үлгісін мемлекеттік (ведомствоаралық) сынау кезеңінде әскери өкілдік Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 450 бұйрығымен бекітілген ҚР ӘСТ 1206 "Әскери техниканы әзірлеу және шығаруға қою жүйесі. Бұйымның тәжірибелік үлгісін сынау. Негізгі ережелер" және ҚР ӘСТ 1208 "Әскери

техниканы әзірлеу және шығаруға қою жүйесі. Бұйымның тәжірибелік үлгілерін сынау бағдарламалары мен әдістемелерін әзірлеу тәртібі. Негізгі ережелер" әскери стандарттарын басшылықта алады.

34. ТКЖ-ның осы кезеңін жабу үшін негіз уәкілетті органның, алушының және ұйымның бірлескен шешімімен бекітілген мемлекеттік (ведомствоаралық) сынау актісі болады.

#### **12-параграф. Өнімнің өнеркәсіптік (сериялық) өндірісін ұйымдастыру үшін ТК-ны түзетуді және бекітуді бақылау**

35. Өнімнің өнеркәсіптік (сериялық) өндірісін ұйымдастыру үшін ТК-ны бекіту кезеңінде әскери өкілдік Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 695 қбпү бұйрығымен бекітілген ҚР Ә СТ 9.2 "Конструкторлық құжаттаманы тексеру, келісу және бекіту тәртібі" әскери стандартын басшылықта алады.

#### **13-параграф. Жөндеу құжаттамасын әзірлеуді, тексеруді, келісуді және бекітуді бақылау**

36. Әскери өкілдік жүргізілетін жұмыстардың барлық кезеңдерінде жөндеу құжаттамасын әзірлеуді, келісуді және бекітуді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 665 қбпү бұйрығымен бекітілген ҚР Ә СТ 4.4 "Жөндеу құжаттамасын әзірлеу тәртібі. Негізгі ережелер" стандартына және ҚР Ә СТ 9.3 "Әскери техника. Жөндеу құжаттары" әскери стандартына сәйкес бақылайды.

#### **14-параграф. Өнімді шығаруға қою жөніндегі жұмысты бақылау және оған қатысу**

37. Шығаруға қою екі кезеңді: өндірісті дайындауды және өнімді шығаруды менгеруді қамтиды.

38. Өнімді жеткізуға шарт өнімді шығаруға қою жөніндегі жұмысты жүргізу үшін негіз болып табылады.

39. Шығаруға қоюдың мақсаты кәсіпорынның ТК талаптарына және оны жеткізуға арналған шарт талаптарына сәйкес келетін жаңадан әзірленген (жанғыртылған) өнімді жасауға жеткізуға әзірлігін қамтамасыз ету болып табылады.

40. Шығаруға қою мынадай бұйымға қатысты белгіленеді:

1) алушының тапсырмасы бойынша әзірленген өнім үлгілеріне (жүйелеріне, кешендеріне) және оның құрамдас бөлшектеріне;

2) НТК бойынша әзірленген салааралық қолданыстағы жиынтықтаушы бұйымдарға.

41. Егер ТҚ талаптарына және оларды жеткізуге арналған шарт талаптарына сәйкес келетін өнімді шығаруды қамтамасыз ететін өндірісті дайындау және менгеру кезеңдері берілген ауқымда толық орындалса, шығаруға қою аяқталды деп саналады.

42. Өнімді шығаруға қойған кезде әскери өкілдікке:

- 1) шығаруға қою жөніндегі ұйымдық-өкімдік құжатты (өкімді) келісу;
- 2) шығаруға қою бойынша кешенді кестені келісу және оның орындалуын бақылау;
- 3) конструкторлық құжаттаманың есепке алынған жиынтығын, ал қажет болған кезде қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюмен технологиялық жарақтандырудың арнайы құралдарын қабылдау-тапсыруға қатысу;
- 4) технологиялық құжаттама жиынтығын келісу. Өнімді жасаудың, құрастырудың, монтаждаудың, теншеудің, реттеудің ерекше жауапты технологиялық процесі (операциялары) тізбесін (номенклатурасын) әзірлеу және бақылау үшін әскери өкілдікке ұсынуға жататын өнімді сынау;
- 5) біліктілік сынағы бағдарламасын келісу, біліктілік сынағы жөніндегі комиссия жұмысына қатысу;
- 6) қабылдау-тапсыру сынауының санаты үшін ТҚ-да көзделген тексеру ауқымында біліктілік сынағы алдында өнім сапасын бақылау. Біліктілік сынағы үшін өнімді іріктеу;
- 7) біліктілік сынағына әзірлік туралы хабар етуді (хабарламаны) келісу;
- 8) бекітілген біліктілік сынағы бағдарламасына сәйкес комиссия құрамында сынау және тексеру, олардың нәтижелері бойынша есеп беру құжаттарын ресімдеу;
- 9) біліктілік сынағы актісі бойынша шешім және акті бойынша шешімде көзделген іс-шараларды орындау нәтижелері негізінде алушыға кезеңді сынау нәтижелерін алғанға дейін шығаруды менгеру кезеңінде жасалған өнімді жеткізу мүмкіндігі туралы қорытынды беру;
- 10) зерттеу нәтижелерін құжаттамалық ресімдеумен біліктілік сынағы барысында, сондай-ақ өнімді, құрастыру бірліктерін, бөлшектерді және технологиялық процесс операцияларын шығару процесінде анықталған ақаулар себептерін зерттеуге қатысу;
- 11) комиссия құрамында біліктілік сынағы актісіне қол қою;
- 12) біліктілік сынағы актісі бойынша шешімді келісу;
- 13) біліктілік сынағы актісі бойынша шешімді орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісу және оның орындалуын бақылау жүктеледі.

**15-параграф. Әскери өкілдіктің өндірісті дайындау жөніндегі жұмысты бақылауы және оған қатысуы**

43. Өндірісті дайындау кезеңінде әскери өкілдік өндіріске қою жөніндегі кешенді іс-шаралар кестесін келіседі және оның орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

44. Әскери өкілдік конструкторлық құжаттама жиынтығының есепке алған көшірмелерін, сондай-ақ қажет болған кезде ұйымға берілетін технологиялық жарақтандырудың арнайы құралдарын тапсыруға-қабылдауға қатысады.

45. Тапсыру-қабылдау тапсыруши тараптың өкілдері және қабылдаушы тараптың өкілдері қол қоятын қабылдау-тапсыру актілері бойынша жүргізіледі.

46. Әскери өкілдік өнім шығаруды дайындау кезінде:

1) ұйымдық-өкімдік құжаттарды, кешенді іс-шаралар кестесін, сенімділікті және сапаны қамтамасыз ету, біліктілік сынағы және метрологиялық қамтамасыз ету бағдарламаларын әзірлеуді және келісуді бақылайды;

2) өнімді жасауға арналған ТҚ әзірлеуді (пышықтауды) бақылайды, сондай-ақ бақылауға және өлшеуге жататын технологиялық процестердің параметрлері мен сипаттамаларын белгілеуге қатысады;

3) өнімді жасауды қамтамасыз ету үшін ТҚ метрологиялық сараптамасын жүргізуге қатысады;

4) ішкі бақылауды жүргізуді ескере отырып, өндірісті технологиялық дайындауды жүргізуге қызметтерді, цехтарды, персоналды дайындау жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруды бақылайды және оған қатысады;

5) ұйымда қолданылатын сапа менеджменті жүйесін, өнімнің сенімділігін жетілдіру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі талаптардың орындалуын бақылайды;

6) өлшеу құралдарын салыстырып тексеруге, өнімді сынау және шығару кезінде пайдаланылатын сынау жабдығын және өндірістік персоналды аттестаттауға қатысады;

7) конструкцияны технологиялыққа өңдеуді бақылайды;

8) ТҚ-ға өзгерістер енгізуді бақылайды.

47. Бұл ретте әскери өкілдік:

1) өндірісті дайындау процесінде әзірленген технологиялық құжаттама жиынтығын;

2) бақылау және келісу үшін әскери өкілдікке ұсынуға жататын өнімді жасаудың, құрастырудың, монтаждаудың, теңшеудің, реттеудің және сынаудың ерекше жауапты технологиялық процестеріне (операцияларына) әскери өкілдік әзірлеген тізбеде (номенклатурада) айқындалған технологиялық құжаттарды келіседі.

48. Ұйым ТҚ-ны алған, өнімді жасауға арналған ТҚ белгіленген тәртіппен әзірленген (түзетілген), келісілген, ұйымдық-өкімдік құжатта және өндіріске қою жөніндегі кешенді іс-шаралар кестесінде айқындалған өндірісті дайындау

жөніндегі іс-шаралар өткізілген, технологиялық жараптандыру құралдары сынаамақтан өткізілген және реттелген және ұйымның өнім шығаруды менгеруге қол жеткізілген технологиялық әзірлігі туралы анықтама ұсынылған жағдайда, өндірісті дайындау аяқталды деп саналады.

**16-параграф. Әскери өкілдіктің өндірісті менгеру жөніндегі жұмысты бақылауы және оған қатысуы**

49. Өндірісті менгеру процесінде әзірленген өнім (белгіленген серия) біліктілік сынағына жатады.

50. Біліктілік сынағын ұйым ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, ал уәкілетті органның (алушының) бүйрығымен (шешіммен) тағайындалған комиссия сынаулар жүргізеді.

51. Әскери өкілдік өнім өндірісін менгеру кезінде мыналарды жүзеге асырады :

1) ТК-да көзделген қабылдау-тапсыру сынаулары көлемінде өнімді (белгіленген серияны) тексеруді;

2) іріктеу актісін ресімдей отырып, қабылдау-тапсыру сынауларында қабылданған біліктілік сынағы үшін өнімді іріктеуді;

3) біліктілік сынағы бағдарламасына және әдістемесіне сәйкес комиссия құрамында өнімнің біліктілік сынағына қатысады және хаттамаларда (есеп берулерде) көрсетілетін тексеру, қарап-тексеру, өлшеу нәтижелерін ресімдеуді;

4) комиссия жұмысының басталуына ұсынылған барлық құжаттарды тексеруді;

5) кәсіпорында өндірістің жалпы технологиялық жараптандырылу жай-күйін тексеруді (оның ішінде өндірістің технологиялық жараптандырылуымен), жұмыс орындарында өнімді (бөлшектерді, құрастыру бірліктерін) әзірлеудің технологиялық процесіне ішінара бақылау жүргізеді және біліктілік сынағы бағдарламасына сәйкес өнімге сынаулар мен тексеру жүргізу туралы шешім қабылдайды;

6) зерттеу нәтижелерін ресімдей отырып, біліктілік сынағы барысында анықталған ақаулардың себептерін зерттеуді;

7) уәкілетті орган бекітетін біліктілік сынағы актісін және шешімді ресімдеуге қатысады және келісуді;

8) кезеңдік сынаулар нәтижелерін алғанға дейін алушыға біліктілік сынағы актісі бойынша шешім және өнеркәсіптік өндіріс өнімін және өндірісті менгеру кезеңінде әзірленген өнімді жеткізу мүмкіндігі туралы акт бойынша шешімде көзделген іс-шараларды орындау нәтижелері негізінде қорытындылар беруді.

52. Өнім әзірлеушісі жанындағы әскери өкілдік біліктілік сынағына (белгіленген серияны қабылдауға) әзірлігі туралы хабарландыруды (хабарламаны) келіседі.

53. Сынаулар мен тексерулерді біліктілік сынағы бағдарламасына және әдістемесіне сәйкес комиссия және әскери өкілдік жүргізеді. Сынаулар мен тексерулерді жүргізу хаттамалармен (есеп берулермен) ресімделеді, онда сынаулар, тексеру, қарап-тексеру нәтижелері көрсетіледі. Хаттамаларға (есеп берулерге) комиссия мүшелері және нақты сынаулар түріне қатысатын адамдар қол қояды.

54. Шешімді орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі жұмыстарды аяқтау ұйымның және әскери өкілдіктің бірлескен актісімен ресімделеді.

55. Әскери өкілдік өндірісті менгеру процесінде жасалған және алушыға жеткізуге жататын өнімнің сапасын бақылауды қабылдау-тапсыру сынаулары көлемінде жүргізеді.

56. Біліктілік сынағының теріс нәтижелерін алған кезде әскери өкілдіктің өкілдері комиссия құрамында хаттама жасайды (келіседі), онда теріс нәтижелерінің себептері көрсетіледі.

57. Әскери өкілдік анықталған себептерді жою және олардың пайда болуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды келіседі және бақылайды. Осы іс-шараларды орындағаннан кейін комиссия жаңадан әзірленген немесе толық пысықталған өнімге біліктілік сынағын қайта жүргізеді.

## **17-параграф. Қабылдау-тапсыру сынаулары**

58. Қабылдау-тапсыру сынаулары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 665 қбpu бұйрығымен бекітілген КР ӘСТ 4.7 "Әскери техника. Әскери техниканың сериялық бұйымдарын сынау және қабылдау. Негізгі ережелер" әскери стандартының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

## **18-параграф. Кезеңдік сынаулар**

59. Өнімді кезеңдік сынау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 665 қбpu бұйрығымен бекітілген КР ӘСТ 4.7 "Әскери техника. Әскери техниканың сериялық бұйымдарын сынау және қабылдау. Негізгі ережелер" әскери стандартының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

## **19-параграф. Ұсынбалы сынаулар**

60. Өнімнің ұсынбалы сынаулары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 665 қбпү бүйрығымен бекітілген ҚР ӘСТ 4.7 "Әскери техника. Әскери техниканың сериялық бұйымдарын сынау және қабылдау. Негізгі ережелер" әскери стандартының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

## **20-параграф. Ұлгілік сынаулар**

61. Өнімнің ұлгілік сынаулары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 665 қбпү бүйрығымен бекітілген, ҚР ӘСТ 4.7 "Әскери техника. Әскери техниканың сериялық бұйымдарын сынау және қабылдау. Негізгі ережелер" әскери стандартының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

## **21-параграф. Әскери өкілдіктердің өндіріс ақауына талдау жүргізуді бақылауы және оған қатысуы**

62. Өндіріс ақауына талдау жүргізу кезінде негізгі мақсаттар мен міндеттер:

1) өндірістің кез келген сатысында ақаудың барлық жағдайларын уақтылы анықтау және тіркеу;

2) ақау себептерін және кінәлілерді белгілеу;

3) ақаулы деп танылған өнімді өндірістен алып тастау және оқшаулау;

4) сәйкес келмейтін өнімді біріздендіру;

5) сәйкесіздіктер себептеріне талдау жүргізу, зерттеу;

6) анықталған ақауды құжаттамалық түрде ресімдеу;

7) сәйкесіздіктердің пайда болуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды дайындауды және өткізуді бақылау;

8) жасалатын өнімнің тұрақты сапасына кепілдік бермейтін технологиялық процестер мен жарақтандыру кемшіліктерін анықтау;

9) кәсіпорын басшылығы мен әскери өкілдік тарапынан талдау үшін ақауды анықтау фактілері және оны жою жөніндегі шаралар туралы ақпаратты қарau.

63. Өндіріс процесінде сәйкес келмейтін өнім анықталған кезде кәсіпорынның тиісті қызметтері ақауға талдау жүргізеді, оның сәйкес келмеу себептерін жою және алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлейді. Әзірленген іс-шаралар әскери өкілдікпен келісіледі.

64. Сапа жөніндегі тұрақты әрекеттегі комиссияның кеңестерінде ТББ-ға және әскери өкілдікке бақылауга ұсынылған өнім сапасын талдау бойынша деректер, алушыдан өнім сапасы бойынша ақаулар мен наразылықтар туралы хабарламалар қаралады, ақауды жоюға және алдын алуға бағытталған іс-шаралар әзірленеді.

65. Сапа жөніндегі тұрақты әрекеттегі комиссияның кеңестерінде қабылданған шешімдер орындаушылар мен орындау мерзімдері көрсетіле отырып, кеңес хаттамаларымен ресімделеді. Сапа жөніндегі тұрақты әрекеттегі комиссия хаттамасының көшірмелері мүдделі бөлімшелерге және әскери өкілдікке жолданады.

66. Әскери өкілдікте жұмыс тәжірибесімен алмасу және сапа мен сенімділікті арттыру мәселелері бойынша жалпы талаптар мен ұсынымдарды әзірлеу мақсатында қабылданатын өнімнің сапасы бойынша жеке құрамның техникалық кеңестері ай сайын өткізіледі.

## **22-параграф. Қабылданған өнімді техникалық қабылдау және тиу**

67. Әскери өкілдік хабарламаны алған сәттен бастап 24 сағат ішінде өнімді техникалық қабылдауды бастайды.

68. Егер сапасын бақылау және қабылдау үшін ұсынылған өнімге құжаттама дұрыс ресімделмесе, жұмыс орындары немесе сынау, өлшеу, бақылау құралдары дайындалмаса, әскери өкілдік келіскең іс-шаралар (шешімдер) орындалмаса, мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі талаптар орындалмаса және жедел бақылау процесінде әскери өкілдік анықтаған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылданбаса, онда ұсынылған бұйымдар (өнім партиялары) нақты себептерін көрсетумен қабылданбайды.

69. Дайын, толық сыналған, жинақталған және жеткізуге (пайдалануға) дайын өнімді техникалық қабылдауға әскери өкілдік ұйым басшысы (бас инженер) және ТББ бастығы қол қойған хабарламаны және белгіленген тәртіппен ресімделген формулярды (паспортты) немесе өнімді тапсыруға әзірлігін және оның ТҚ-ға сәйкес келуін, сондай-ақ өнімді мақсаты бойынша пайдалануға және (немесе) қолдануға жарамдылығын куәланышыратын шартта көзделген өзге де құжатты алғаннан кейін кіріседі.

70. Қолданыстағы ТҚ-ға сәйкес жүргізілген қабылдау-тапсыру сынауларының оң нәтижелері, сондай-ақ ТҚ-да белгіленген бұйымдарды (өнім партиясын) жасау және қабылдау мүмкіндіктері осы сынаулармен раставу мерзімдері өтпеген жағдайда алдыңғы кезеңдік сынаулардың оң нәтижелері бұйымды (өнім партиясын) техникалық қабылдау туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

71. Өнімді техникалық қабылдау кезінде әскери өкілдік ұсыну және ілеспе құжаттаманы ресімдеуді, сондай-ақ техникалық құжаттамада көзделген жағдайларда өнімді пломбалайды және таңбалайды.

72. Шарт бойынша әзірленген қабылданған өнімге әскери өкілдік бастығы ұйымға өнімнің ТҚ талаптарына және осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шарт талаптарына сәйкес келуі туралы куәлік береді.

73. Шарттарда және (ТҚ-да) белгіленген талаптарға жауап бермейтін бақыланатын өнім қабылданған жағдайда көрсетілген бұзушылықтарға жол берген әскери өкілдіктің лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта тартылады.

74. Әскери өкілдік қабылданған және тиелген өнімді есепке алады, үйымның қабылданған өнімді дұрыс сақтауын бақылайды.

75. Қабылданған өнімді тиеу шарттардың талаптарына сәйкес және тиеу құжаттарын ресімдеумен жүргізіледі.

76. Үйым тиеу үшін көлік құралдарын беру уақыты туралы алдын ала әскери өкілдік бастығын хабардар етеді.

77. Әскери өкілдік кәсіпорынның ілеспе және пайдалану құжаттамасын жолдауды бақылайды.

### **23-параграф. Өнімді қабылдауды тоқтата тұру**

78. Өнімді қабылдауды және тиеуді тоқтата тұруды әскери өкілдік бастығы, ал ол болмағанда оны ауыстыратын адам жүзеге асырады.

79. Әскери өкілдік мынадай жағдайларда:

1) шарттар талаптары, сондай-ақ әскери өнімнің сапасы мен сенімділігін қамтамасыз ету жөнінде қабылданған шешімдер орындалмаған;

2) осы өнімге арналған конструкторлық құжаттамада көзделген өнімді сынау нәтижелері теріс болған;

3) техникалық құжаттамада белгіленген әскери өнім өндірісінің ерекше жауапты технологиялық процестері бұзылған;

4) егер бұл ақаулар өндірісте болған өнімде болса, әскери өнімді пайдалану процесінде оның істен шығуын тудыратын ақаулар анықталған;

5) әскери өнімді шығаруда контрафактілік, жалған, сұрыпталмаған жиынтықтаушы бұйымдар, материалдар мен жартылай фабрикаттар пайдаланылған, сондай-ақ жасалатын өнім контрафактілік деп танылған;

6) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шаралардың талаптары бұзылған;

7) қабылдауға екі рет ұсынылған бұйым (өнім партиясы) екі рет қабылдау-тапсыру сынауларынан өтпеген (егер техникалық құжаттамада өзгеше ескерілмесе);

8) жүйелі тұрде бірінен бірі қабылдау-тапсыру сынауларына бастапқы ұсынылған бұйым даналары (өнім партиялары) олардан өтпеген және екі рет жүйелі тұрде жүргізілген бастапқы қабылдау-тапсыру сынауларының әрқайсысының нәтижелері бойынша түпкілікті ақаулы деп танылған (оларды қабылдауға қайта ұсыну құқығынсыз);

9) бұйымдар ТҚ-да белгіленген сынаулардан өтпеген;

10) бұйымдарды (өнім партияларын) жасау сапасын бақылау кезінде олардың себебі технологиялық процестердің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі (оның ішінде сынау, өлшеу және бақылау құралдарының белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталса) болып табылатын ақаулар анықталған;

11) өнімді пайдалану процесінде бұйымдардың істен шығуын тудыратын ақаулар мен құрылымдық кемшіліктер анықталған және бұл ақаулар мен құрылымдық кемшіліктер өндірістегі бұйымдарда да бар екені белгіленген;

12) өнім сапасын қамтамасыз ету бойынша қабылданған шешімдер мерзімде орындалмаған;

13) техникалық құжаттамаға шартта көзделген өзгерістерді белгіленген мерзімде енгізбей бұйымдарды, тораптарды, құрастыру бірліктерін жасау жағастырылған;

14) өнім бұйымдарын жасау процесінде олардың техникалық құжаттаманың міндетті талаптарына және шарттың талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайларда әскери өнімді қабылдауды және тиеуді тоқтата тұрады.

80. Әскери өнімді қабылдауды және тиеуді тоқтата тұру туралы әскери өкілдік бастығы ұйым басшысын, уәкілетті органды (алушыны) және Орталықты үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша хабардар етеді.

81. Өнімді қабылдау тоқтатыла тұрған жағдайда өнімде немесе технологиялық процесте анықталған ауытқуларды зерттеу нәтижелерін алғаннан және олардың туындау себептері тіркелгеннен кейін дербес жеткізуге жатпайтын және өнімді қабылдауды тоқтата тұру себебі болып табылмайтын өз өндірісінің бөлшектері мен құрастыру бірліктерін жасауды және қабылдауды жағастыруға рұқсат етіледі.

82. Егер өнімді қабылдау сынаулардың теріс нәтижелері салдарынан тоқтатыла тұрған болса, онда қабылдауды қайта бастау мүмкіндігі туралы шешім ақаулардың туындау себептері анықталғаннан, олар жойылғаннан және қайта жүргізілген кезеңдік сынаулардың оң нәтижелері алынғаннан кейін (не оларды жүргізу кезінде ақаулар анықталған немесе олардың туындауына ықпал еткен кезеңдік сынаулар санатына кіретін алдыңғы кезеңдік сынаулар нәтижелерінің қолданылу мерзімдері өтпеген жағдайда сынау түрлерінің негізделген жағдайларында) қабылданады.

83. Қабылданған өнім тиеуге немесе жасаушыға жауапты сақтауға беруге жатады.

84. Қабылданған өнім ұйымға жауапты сақтауға берілген жағдайда әскери өкілдік бұл туралы белгіні өнімді ұсынғаны туралы (әскери өкілдіктің қорытындысы) хабарламаның артқы жағына қояды және осы өнімді есепке алады

## **24-параграф. Экспортқа жеткізілетін өнім сапасын бақылау және қабылдау ерекшеліктері**

85. Экспортқа жеткізілетін әскери мақсаттағы өнім сапасын бақылау және қабылдау Орталық бастығының тиісті нұсқаулары және белгіленген тәртіппен ресімделген әскери мақсаттағы өнім (бұдан әрі – ӘМӨ) сапасын бақылау және қабылдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт бар болған кезде бекітілген ТҚ талаптарына және келісімшарттардың (оны жеткізуге арналған шарттардың) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

86. ӘМӨ-ге ТҚ Қазақстан Республикасы ұлттық стандарттарының және стандарттау жөніндегі басқа да құжаттардың талаптарына сәйкес әзірленеді.

87. Әскери өкілдік ӘМӨ үлгілеріне арналған ТҚ-ның келісімшартта белгіленген тактикалық-техникалық сипаттамаларға, экспорттық жиынтық пен параметрлерге сәйкес келуін бақылайды.

88. Әскери өкілдік осы өнімді жасау мен шығарудың кез келген кезеңінде ӘМӨ сапасын және оның ТҚ-ға сәйкес келуін бақылайды.

89. Әскери өкілдік өз құзыреті шегінде қосалқы бөлшектер, агрегаттар, тораптар, аспаптар мен жиынтықтаушы бүйымдар сапасын бақылауды және қабылдауды қоса алғанда, ӘМӨ сапасын бақылауды және қабылдауды қамтамасыз етеді.

90. Сапаны бақылау нәтижелері оң болған кезде әскери өкілдік ӘМӨ-ні қабылдауды, ұсыну және ілеспе құжаттаманы ресімдеуді, сондай-ақ ТҚ-да және келісімшарт шарттарында көзделген жағдайларда өнімді пломбалайды және таңбалайды.

91. Шетелдік алушының талабы бойынша шетелдік өндірістің құрамдас бөліктерімен жиынтықталған ӘМӨ үлгілерінің сапасын бақылау және қабылдау ерекшеліктері осы өнімге арналған ТҚ-да көрсетіледі.

92. Егер осы ақаулар өндірістегі өнімде де болса, әскери өкілдік ӘМӨ сапасы мен сенімділігін қамтамасыз ету бойынша қабылданған шешімдер орындалмаған, оны сынау нәтижелері теріс болған кезде, пайдалану процесінде ӘМӨ-нің істен шығуын тудыратын ақаулар анықталған кезде ӘМӨ-ні қабылдауды тоқтата тұрады.

93. Әскери өкілдік себептерін мазмұндай отырып, ӘМӨ-ні қабылдауды тоқтата тұру туралы бір жұмыс күні ішінде ұйым басшысын жазбаша хабардар етеді және Орталыққа баяндайды.

94. Әскери өкілдіктің сапаны бақылауына және қабылдауына жататын, бірақ ол қабылдамаған ӘМӨ тиелмейді.

95. Ұйым мен әскери өкілдік арасында туындастын ӘМӨ сапасын бақылауға және сынау мен қабылдау кезінде оны бағалауға қатысты даулы мәселелер заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

96. Жөндеуге жататын ӘМӨ сапасын бақылау және қабылдау жөндеу ТҚ-да белгіленеді. Егер ӘМӨ әскери қабылдауға жататын болса, құжаттамада бақылау түрлері мен ауқымы, бақылап сынау санаттары, түрлері мен кезеңділігі, жөндеуді жүзеге асыратын ұйымның сапа қызметтерінің және әскери өкілдіктің өнімді бақылау және қабылдау тәртібі мен шарттары айқындалады.

97. Шетелдік алушының ӘМӨ-ге наразылық ұсынуы, оны қарau және қанағаттандыру осы өнімді шетелдік алушыға жеткізуге арналған келісімшарттарда айқындалады.

#### **25-параграф. Өнімге сервистік қызмет көрсету, жөндеу және жаңғырту бойынша жұмыс сапасын бақылау және қабылдау**

98. Әскери өкілдік ұйымдарда орындалатын өнімге сервистік қызмет көрсету, жөндеу және (немесе) жаңғырту бойынша жұмыс сапасын бақылауды және қабылдауды ұйымдастыру кезінде шарттардың және ТҚ талаптарын басшылыққа алады.

99. Ұйымда жұмыстарды орындау үшін пайдаланатын әскери бөлімнен өнім үлгісін беру үшін негіз наряд болып табылады. Өнім үлгілерін беруге нарядты алушының жабдықтаушы органы береді.

100. Өнім үлгілерін қабылдау-тапсыру нәтижелері бойынша шартта белгіленген нысан бойынша өнімді жөндеуге қабылдау-тапсыру актісі ресімделеді.

101. Ұйымдарда жүргізілетін өнімге сервистік қызмет көрсету, жөндеу және (немесе) жаңғырту бойынша жұмыстарды бақылау кезінде әскери өкілдіктің функциялары мен міндеттері:

1) өнім үлгісіндегі ақауды анықтауға және ақауға жатқызу ведомосын ресімдеуге қатысу;

2) орындалған жұмыстар сапасын және нақты ауқымын, сондай-ақ жұмысты орындау кезінде қосалқы бөлшектердің жұмыстар тізбесін (техникалық тапсырманы) қарau арқылы және жұмысты орындау кезінде қосалқы бөлшектер өнімінің үлгісінде пайдаланылуға жататын өнім үлгілеріне нақты пайдаланылуын тексеру;

3) өнім үлгісінде жүргізілген жұмыстың нақты еңбек ауқымын раставу;

4) жөндеу құжаттамасының талаптарына сәйкес сынаулар жүргізу;

5) ұсыну туралы хабарламаны алғаннан кейін жұмыс нәтижелерін техникалық қабылдауды жүзеге асыру болып табылады.

102. Техникалық қабылдау процесінде әскери өкілдік өнім үлгісін жөндеу ісінің бар болуын және оны ресімдеуді тексереді. Тексеру нәтижелері бойынша әскери өкілдіктің лауазымды адамы жөндеу ісінің титул парагына қол қояды, тексерген күнін, қолтаңбасын қояды, анықтамалар мен құжаттарға арналған мөрмен куәландырады.

103. Өнім үлгісін жөндеу ісі: өнім үлгісінің техникалық жай-күйі актісін, ақауға жатқызу ведомосын, материалдық құралдарды (бар болған кезде) есептен шығару актілерін, жұмыс тізбесін (техникалық тапсырманы) және жұмысты орындау кезінде өнім үлгісінде пайдаланылуға тиіс қосалқы бөлшектер, жиынтықтаушы бұйымдар мен материалдардың сапасын және ішкі бақылаудан өткенін растайтын құжаттар түпнұсқаларын (көшірмелерін) және өнім үлгісінде орындалған жұмыстарға қатысты басқа да құжаттарды қамтиды.

104. Өнім үлгісінің формулярын дұрыс ресімдеу (орындалған жұмыстар туралы жазбалардың бар болуы, ауыстырылған қосалқы бөлшектер нөмірлері (бар болған кезде), агрегаттар мен жүйелерге құйылған майлар мен арнайы сұйықтықтар маркасы, жөндеу әсерінен кейін өнімді сынау туралы формуляр бөлімін толтыру тексеріледі.

105. Өнім үлгісінде орындалған жұмыс сапасы мен ауқымы, көзделген қосалқы бөлшектер мен материалдар ауқымы мен нақты пайдаланылуы, өнім үлгісінің қолдану қабілеті тексеріледі.

106. Техникалық қабылдау нәтижелері бойынша әскери өкілдік хабарламаның артқы жағында жұмыстарды техникалық қабылдау туралы жазба жасайды.

107. Жұмыс нәтижелері және жұмысты орындау кезінде пайдаланылған қосалқы бөлшектер өнім үлгілеріне, шарт талаптарына сәйкес келмеген кезде әскери өкілдік онда жұмыс нәтижелерін техникалық қабылдаудан бас тарту себептерін көрсетумен өнімді техникалық қабылдауға ұсыну туралы ресімделген хабарламаны қайтарады.

108. Көрсетілген кемшіліктер өнімді техникалық қабылдауға ұсыну туралы хабарламаны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде үйим есебінен жойылады.

109. Бұйымды техникалық қабылдауға ұсыну туралы хабарламада көрсетілген өнім үлгісіне қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі жойылғаннан кейін үйим өнімді техникалық қабылдауға ұсыну туралы хабарламаны қайта ресімдейді.

110. Қабылданған өнімге техникалық қабылдау нәтижелері оң болған кезде әскери өкілдік бастығы үйимға өнімнің ТК талаптарына және шарт талаптарына сәйкестігі туралы куәлік береді.

111. Жөндеу ісіне алушы бекіткен орындалған жұмысты тапсыру-қабылдау актісінің көшірмесі де тігіледі.

## **26-параграф. Жеке қорғану құралдарының сапасын бақылау және қабылдау ерекшеліктері**

112. Өнім (жеке қорғану құралдары) бақылауға және сынауға осы мақсат үшін арнайы бөлінген үй-жайға алып шығарылған дайын партиялармен ұсынылады.

113. Әскери өкілдіктің өнімді қабылдауы және сапасын бақылауы үшін үй-жайға мынадай талаптар қойылады: жеткілікті алаңы, жарық түсүі, жылдытылуы, желдетілуі, жабдықпен, станоктармен, манекендермен, қалыптармен, шаблондармен, техникалық құжаттамасы, үлгілерін, арнайы киімді сақтауға арналған бекітілетін шкафттармен жиынтықталуы.

114. Үйым әскери өкілдікке міндетті ұсынымдар тізбесіне сәйкес оны жасау (шикізат, материалдар мен жиынтықтаушылар, киім пішу, жасау, орау және ілеспе құжаттаманы толтыру) процесі кезегінде өнім сапасын бақылауға хабарлама ұсынады.

115. Өнім әскери өкілдікке оны жасау кезеңі ішінде бірдей ұсынылады.

116. Әскери өкілдікке ұсынылатын өнім ТҚ-ға, шарт талаптарына және этalon-үлгісіне сәйкес келуге тиіс.

117. Этalon-үлгіні үйым әскери өкілдіктің қатысуымен жасайды және пломбалайды. Дайын бұйымдардың жұмыс үлгілерін жасау, келісу және бекіту кезінде үйым және әскери өкілдік алушы бекіткен этalon-үлгілерді басшылыққа алады.

118. Өнімді біркелкі ұсынбаған және үйымда көп мөлшерде жинақталған жағдайда қабылдаудың түпкілікті мерзімін әскери өкілдік бастығы үйимның басшысымен бірлесіп айқындайды. Егер өнім оның ауқымды мөлшерде болуына байланысты бір уақытта қабылданбаса, онда ол партиялар (бөліктер) бойынша қабылданады.

119. Дайын өнім үлгілерін іріктеуді әскери өкілдік ТББ өкілінің қатысуымен ТҚ-да және шарт талаптарында көзделген сынаулар жүргізу үшін жеткілікті мөлшерде жүзеге асырады. Сынауларға әскери өкілдікке сапаны бақылауға ұсынылатын әрбір партиядан өнім үлгілері ұшырайды.

120. Дайын бұйымдардың бастапқы жұмыс үлгілері өнімді шығаруға жіберу кезінде, одан кейін бұйымға ТҚ-ға өзгерістер енгізу кезінде, сондай-ақ үлгілердің тауарлық түрінің жоғалуына қарай жасалады. Бұйымдардың жұмыс үлгілеріне үйимның бас инженері және ТББ бастығы қол қояды, сондай-ақ оны әскери өкілдік бастығы келісуге және алушы бекітуге тиіс.

**27-параграф. Стандарттау, біріздендіру, каталогтау және метрологиялық қамтамасыз ету бойынша жұмысты бақылау**

121. Эскери өкілдік стандарттау жөніндегі құжаттардың және метрологиялық қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес өнім өндірісін метрологиялық қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асырады. Бұл ретте әскери өкілдік:

1) үйымның метрологиялық қамтамасыз ету жоспарларын, бағдарламаларын орындауды;

2) өлшеу және бақылау құралдары мен әдістерінің белгіленген пайдалану қағидаларын сақтауды (өлшеуді орындаудың аттестатталған әдістемелерін қолдану, аттестатталған сынау жабдығын пайдалану, салыстырып тексерілген өлшеу құралдарын (калибрленген) қолдану);

3) жасалатын өнімге метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың іске асырылуын (белгіленуін) және әзірлеу процесінде осы талаптардың орындалуын;

4) алушыға жеткізілетін өнімнің салыстырып тексерілген өлшеу құралдарымен жиынтықталуын бақылайды.

122. Үйымдарда сапаны бақылауды, өнімнің белгіленген талаптарға және (немесе) өнімді стандарттау жөніндегі құжаттар талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сынауды (оның ішінде сертификаттық) жүзеге асыру үшін зертханалар күрылады.

123. Зертхана аккредиттелген және/немесе аттестатталған болуға тиіс.

124. Зертхана тек аккредиттеу туралы сертификатта және/немесе аттестаттау туралы күәлікте көрсетілген сынаулар түрлерін жүргізуге құқылы.

125. Эскери өкілдік мынадай бағыттар бойынша зертханалардың қызметіне бақылауды үйымдастырады:

1) анықталған сәйкес келмеуді жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу (қажет болған кезде) кезіндегі өзара іс-қимылды қоса алғанда, сапа менеджментінің жүйесі (бұдан әрі – СМЖ) зертханаларының сапасына ішкі тексеруді жүргізуге және оларды жетілдіруге қатысу;

2) сынау әдістемелері мен бағдарламаларын келісу;

3) сынауларды (оның ішінде сертификаттық) жүргізуге қатысу;

4) зертханаларда сынау жүргізу үшін келіп түскен бұйымдарды сақтауды, сәйкестендіруді және қадағалауды, сондай-ақ сынаулар жүргізілгенен кейін оларды орауды және тиеуді үйымдастыруды бақылау.

126. Бақылауды жүзеге асыру үшін әскери өкілдік мынадай ақпаратпен қамтамасыз етіледі:

1) аккредиттеу туралы сертификаттың және/немесе аттестаттау туралы күәліктің бар болуы;

2) сынаулар жүргізу үшін талап етілетін ресурстарды уақтылы ұсыну мүмкіндігі;

3) сынаулар жүргізу үшін техникалық ресурстардың, сынау және өлшеу құралдарының бар болуы, білікті персоналдың бар болуы;

4) инженерлік-техникалық персоналдың бар болуы және біліктілігі;

5) жабдықтың және технологиялық жараптандырудың техникалық жай-күйі, оны тексеру және аттестаттау тәртібі.

127. Әскери өкілдік мынадай мәселелер бойынша бақылауды жүзеге асырады

:

1) ішкі бақылауды ұйымдастыру, сынауларды жүргізгенге дейін және одан кейін бұйымдарды есепке алу және сақтау;

2) зертханаларды технологиялық жараптандыру және бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарымен қамтамасыз ету;

3) жұмыс орындарын жабдықпен және құрал-саймандармен қамтамасыз ету;

4) технологиялық жараптандыру құралдарының техникалық жай-күйіне кезеңдік бағалау жүргізу және бағдарламалық қамтамасыз етуді тестілеу;

5) құрылыштарды, аппараттық-техникалық және бағдарламалық құралдарды, автоматтандырылған жұмыс орындарын жұмыс істейтін жай-күйде ұстау және қолдау қағидаларын сақтау, сондай-ақ бұйым сынауларын жүргізу кезінде пайдаланылатын бағдарламалық өнімді тексеру;

6) бұйымдарды ішкі бақылау рәсімдерін жүргізу тәртібі;

7) сынауларды басқару тәсілдері мен әдістері.

128. Сынауларды орындау кезінде жұмысты орындау сапасын және СМЖ талаптарының сақталуын бақылауды әскери өкілдік сапаны бақылау қызметімен немесе оның функцияларын орындаитын зертхана бөлімшесімен бірлесіп жүзеге асырады.

129. Әскери өнімге арналған стандарттарды әзірлеуді және келісуді бақылау кезінде әскери өкілдік:

1) өнімге стандарттарды әзірлеуге (өзгертуге) НТҚ жобаларын қарауды және келісуді;

2) өнімге стандарттар жобаларын ұйымдардың ғылыми-техникалық кеңестерінде немесе техникалық кеңестерінде қарауға қатысады;

3) уәкілетті органмен (алушымен) келісілуге тиіс стандарттар жобалары бойынша ескертулер мен ұсыныстар дайындауды, оларды толық пысықтауды және уәкілетті органға (алушыға) пікір білдіру (келісу) үшін таратуды бақылауды ;

4) өнімге стандарттар жобалары бойынша келіспеушіліктерді немесе ескертулерді қарау жөніндегі келісу кеңестеріне қатысады;

5) уәкілетті органмен (алушымен) келісілген ұйымға бекітілген стандарттарды үақтылы қайта қарауды (өзгертуді) бақылауды жүзеге асырады.

130. Стандарттаудың және біріздендірудің берілген деңгейін қамтамасыз етуді, сондай-ақ ұйымда өнім сапасын басқару жүйесін қалыптастыруды және оның жұмыс істеуін бақылау кезінде әскери өкілдік ұйымда бар сапа жүйесі жөніндегі нормативтік құжаттарды (кәсіпорындар стандарттары, нұсқаулықтар) талдайды, жаңа құжаттарды әзірлеу және қолданыстағы құжаттарды қайта қарау бойынша ұйым жоспарларының жобаларына ұсыныстар дайындаиды, көрсетілген жоспарларды келіседі және оларда әскери өкілдікпен келіслуге тиіс нормативтік құжаттар тізбесін айқындаиды.

#### **28-параграф. Өнімнің сапасы мен сенімділігін талдау жөніндегі жұмыс, жинақтау есебін жүргізу**

131. Бақыланатын өнімнің сапасын қамтамасыз ету мақсатында әскери өкілдік:

1) ұйымның өнімді шығару, сынау және пайдалану нәтижелері бойынша оның сапасы мен сенімділігіне талдау жүргізуіне қатысады;

2) сенімділік көрсеткіштерін ТҚ-да белгіленген мәндерге дейін жеткізуге бағытталған іс-шаралар жоспарларын келіседі және олардың орындалуын бақылайды;

3) өнімнің сапасын және сенімділігін арттыру мәселелері бойынша шешімдердің орындалуын, қабылданған өнімді сақтау қағидаларының сақталуын және оған техникалық қызмет көрсетуді бақылайды;

4) өнімнің сапасы мен сенімділігінің жинақтау есебін жүргізеді.

132. Әскери өкілдікте сапа мен сенімділікті талдау, өнімді әзірлеу және сериялық шығару сатыларында жинақтау есебін жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін, сондай-ақ сынаудың барлық түрлерін жүргізу кезінде сапа мен сенімділікті талдау бойынша жауаптылар тағайындалады немесе қажет болған кезде штаттық емес топтар құрылады. Топтың құрамын, жеке құрамның (жауаптының) құқықтары мен міндеттерін әскери өкілдік бастығы бақыланатын жұмыстардың ерекшелігіне байланысты және талаптарды ескере отырып айқындаиды.

133. Сапа мен сенімділікті талдау тобы (жауапты) ұйымның сапаны бақылау қызметімен өзара іс-қимылда жұмыс істейді.

134. Сапа мен сенімділікті талдау тобының (жауаптының) өнеркәсіп кәсіпорнының бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау тәртібі, ақпарат алмасу

нысандары, ауқымы мен мерзімдері, есептілік ұйымның стандарттарымен айқындалады.

135. Сапа мен сенімділікті талдау тобы (жауапты) ай сайын ұйымның СМЖ-да айқындалған өнім сапасының көрсеткіштерін қамтитын бақыланатын өнімнің сапасы бойынша мәліметтерді жинау мен талдауды жүргізеді.

136. Бақыланатын өнімнің ерекшелігіне байланысты сапа бойынша мәліметтер мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) ұсынылған және қабылданған бұйымдардың саны, бұйымдарды қабылдаудан бас тарту себептері;
- 2) бұйымдардың түрлері бойынша жарамды болып шығу проценті: есепті кезең үшін жоспарлы және нақты;
- 3) технологиялық процестің бақылау нүктелерінде анықталған бұзушылықтар саны, бұзушылықтардың мәні;
- 4) технологиялық тәртіпті тексеру кезінде (жоспарлы, жедел бақылау) анықталған технологиялық процесс бұзушылықтарының саны, бұзушылықтардың мәні;
- 5) қабылдау-тапсыру сынауларын жүргізу кезінде өнімді қайтару саны, өнімді қайтарудың негізгі себептері;
- 6) өнімді қабылдауды және тиеуді тоқтата түру саны, тоқтата түру себептері, қабылданған шаралар;
- 7) наразылық берілген бұйымдардың саны және оны талдау нәтижелері;
- 8) ұйымның шығарылатын өнімнің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындауы.

137. Бақыланатын өнімнің сапасы жөніндегі мәліметтер әскери өкілдіктің мәліметтерін және сапаны бақылау қызметі және қажет болған кезде ұйымның басқа да бөлімшелері ұсынатын мәліметтерді қорыту нәтижелері бойынша қалыптастырылады.

138. Алынған мәліметтерді талдау барысында әскери өкілдік:
- 1) сапа бойынша деректерді қорыту мен талдауды;
  - 2) тиелген өнімге алынған талап қою (наразылық актілері, ақаулықтар туралы хабарламалар) бойынша материалдарды және бұрын тиелген өнімді пайдалану деректерін есепке алууды, қорытууды және талдауды;
  - 3) анықталған ақаулықтарды жою және одан әрі оларды болғызбау бойынша жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігін бағалауды;
  - 4) бұйымдарды сынау (оның ішінде ұзақ мерзімді) нәтижелері бойынша сенімділік көрсеткіштеріне және оларды пайдалану бойынша тұтынушылардан (пайдаланушы ұйымдардан) алынған деректерге талдау жүргізеді.

**3-тaraу. Наразылық білдіру жұмысын ұйымдастыру және жүргізу**

139. Наразылық білдіру жұмысын ұйымдар және алушылар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 665 қбпү бұйрығымен бекітілген КР Ә СТ 4.8 "Өнімді өзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Эскери техника. Эскери техникаға наразылық беру және оны қанағаттандыру тәртібі. Жалпы ережелер" әскери стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

#### **4-тaraу. Эскери өкілдіктің нақты шығындарды тексеру және келісу жөніндегі жұмысын ұйымдастыру**

140. Эскери өкілдікте өнімнің өзіндік құнының нақты шығындарын тексеру және келісу бойынша жұмыс "Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шенберінде әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 17 қазандағы № 772 қаулысына сәйкес ұйымдастырылады.

141. Эскери өкілдіктің нақты шығындарды тексеруі және келісуі қорғаныстық тапсырыс өніміне бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын тексеру мен келісуді тікелей орындаушы, сонымен қатар коопeração тәртібінде жүргізілген ретінде жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі.

142. Эскери өкілдіктің өнімді өзірлеу мен шығарудың барлық кезеңдерінде өнімнің өзіндік құнының нақты шығындарын тексеру және келісу жөніндегі жұмысының негізгі бағыттары:

1) ұйым ұсынған қорғаныстық тапсырыс өніміне (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) нақты шығыстарды растайтын құжаттарды тексеру және келісу;

2) өнімге (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) нақты шығыстар бойынша қорытындыларды дайындау және беру кезінде бақыланатын өнімнің нақты өзіндік құнына талдау жүргізу;

3) уәкілетті органның (алушының) қаражаты есебінен өнімді өзірлеу, шығару, сервистік қызмет көрсету, жөндеу кезінде ұйымдар құрған немесе сатып алған материалдық құндылықтар мен материалдық емес активтерді (макеттер, эксперименттік және тәжірибелік үлгілер, арнайы жабдық, арнайы технологиялық керек-жарақ, арнайы құрал-сайман, стенділік жабдық, зияткерлік қызмет нәтижелері) есепке алуды жүргізу және оларды одан әрі пайдалану жөнінде ұсыныстар дайындау, сондай-ақ ұйымға жөндеуге (зерттеуге, сынауға, жаңғыртуға, толық жетілдіруге) келіп түскен материалдық құндылықтарды есепке алу;

4) ұйымның әрбір шарт бойынша шығындарды бөлек есепке алуды дұрыс жүргізуін бақылау болып табылады.

143. НАҚТЫ ШЫҒЫНДАРДЫ ТЕКСЕРУ КЕЗІНДЕ ӘСКЕРИ ӨКІЛДІК:

- 1) жарғыны, есепке алу саясатын, құрылтай құжаттарын, үйымға берілген лицензияларды және өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметін регламенттейтін басқа да құжаттарды;
- 2) алдындағы жыл үшін кәсіпорынның қаржылық есептілігін;
- 3) алдындағы және есепті жыл үшін қорғаныстық тапсырыс өніміне жоспарлы калькуляцияны;
- 4) өндіріс (жұмыстар) ауқымының, өндірістік-өнеркәсіптік персонал санының өзгеру қарқынын, үйымды басқарудың үйымдық құрылымын;
- 5) негізгі технологиялық жабдықтың жай-күйін;
- 6) бақыланатын өнімге өзіндік құнының өзгеру қарқынын;
- 7) үйым басқа да алушылардың тапсырыстары бойынша жүргізетін жұмыстардың тізбесі мен мазмұнын қосымша ескереді (зерделейді).

144 Үйым ұсынған нақты шығындар бойынша құжаттарды қарау нәтижелері бойынша әскери өкілдік осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімге ұсынылған калькуляцияға әскери өкілдіктің қорытындысын үйымға береді және уәкілетті органға (алушыға) ұсынады.

145. Құжаттамалық түрде расталмаған шығыстардың құжаттары және/немесе олардың құрамдастары негізделмеген болып саналады және әскери өкілдік оларды есепке алмайды.

#### **5-тaraу. Әскери өкілдіктің үйымдармен өзара іс-қимылы**

146. Әскери өкілдік өз жұмысын үйымда белгіленген ішкі тәртіп қағидаларын ескере отырып үйымдастырады.

147. Оларды қызметтік, өндірістік және қойма үй-жайларына жіберу үйымда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Үйымдардың басшылары әскери өкілдікке мыналарды ұсынады:

1) танысу үшін өнімнің сапасын бақылау және қабылдау үшін қажетті құжаттаманы, анықтамалық материалдарды және ғылыми-техникалық ақпаратты, бақыланатын өнімге қатысты құжаттарды, сондай-ақ нақты шығындарды негіздейтін есептік-калькуляциялық материалдарды;

2) сынаулар жүргізу, өнімнің сапасын бақылау үшін бақылау-өлшеу аспаптарын, құрал-саймандар мен керек-жарапты, сондай-ақ өндірістік персоналды.

148. Әскери өкілдік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасын бақылауды жүзеге асыру мәселелері бойынша үйымның басшылығымен шартты орындаудың барлық мерзімі ішінде өзара іс-қимыл жасайды.

149. Әскери өкілдік жеке құрамының үйымдардан кез келген материалдық құндылықтарды, ақша қаражатын, заттай және өзге де сыйақылар алуына жол берілмейді.

150. Әскери өкілдік үйым әкімшілігінің қызметтік істеріне, ал үйым әкімшілігі – әскери өкілдіктің қызметтік істеріне араласпайды.

Меншік нысанына қарамастан,  
кәсіпорындардағы  
Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігі  
әскери өкілдіктерінің жұмысы  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша  
Нысан

Келісілді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери өкілдіктер орталығының бастығы Тегі мен инициалдары, қолы 20__жылғы "____" ____		Бекітемін Уәкілетті орган бастығының лауазымы Тегі мен инициалдары, қолы 20__жылғы "____" ____ —
--	--	---

## 20\_\_ жылға арналған әскери өкілдік бақылайтын өнімнің номенклатурасы

P/c №	Бұйымның атауы	Өлшем бірлігі	Алушы	Қабылдау үшін негіз (шарт нөмірі, күні)	Бұйым саны	Көлемі (мын тенге)	Ескертпе
-------	----------------	---------------	-------	---	------------	--------------------	----------

№\_\_ әскери өкілдік бастығы \_\_\_\_\_  
(әскери атағы, қолы, тегі мен инициалдары)

Меншік нысанына қарамастан,  
кәсіпорындардағы  
Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігі  
әскери өкілдіктерінің жұмысы  
жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша  
Нысан

## Шарттарды, дайын өнімді қабылдауды және жеткізууді есепке алу журналы

P/c №	Шарт (қосымша келісім), наряд, тапсырыс немесе басқа да құжат		Колданылу мерзімі	Жауапты орындаушы	Шарт сомасы	Алушы (жұкті алушы)	Ескертпе
	нөмірі	күні					
1	2	3	4	5	6	7	8

Меншік нысанына қарамастан,  
кәсіпорындардағы

Казақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігі  
әскери өкілдіктерінің жұмысы  
жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша  
Нысан

Бекітемін № _____ әскери өкілдік бастығы _____ (қолы, тегі, инициалдары) 20 ____ жылғы " " _____	Келісілді " ____ " акционерлік қоғамдағы ұйымның басшысы _____ (қолы, тегі, инициалдары) 20 ____ жылғы " " _____
--	---

№ \_\_\_\_\_ әскери өкілдікке техникалық бақылау бөлімі ұсынуға жататын міндетті ұсынылатын бұйымдардың, құрастыру бірліктерінің, технологиялық процесс операцияларының тізбесі

P/c №	Технологиялық операцияның атауы	Әскеристандарт тың, жөндеуісіктес ының №	Бақылауга ұсынылатын операция	Бақылаутүрі: - жаппай, -ішінара , -ішкі, -жедел	Ескертпе
-------	---------------------------------------	--	-------------------------------------	---	----------

№ \_\_\_\_\_ әскери өкілдік бастығының орынбасары \_\_\_\_\_  
(қолы, тегі, инициалдары)

Меншік нысанына қарамастан,  
кәсіпорындардағы  
Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігі  
әскери өкілдіктерінің жұмысы  
жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша  
Нысан  
Алғашқы, екінші  
(керек емесі сыйылсын)

Жасаушы \_\_\_\_\_  
—  
(ұйымның атауы) \_\_\_\_\_ әскери өкілдіктің  
бастығына  
(әскери өкілдіктің атауы, тегі, инициалдары)  
бұйымды \_\_\_\_\_ ұсыну  
туралы  
(қабылдау-тапсыру сынауларына, қабылдауға)

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хабарлама

Осы хабарламамен мынадай бұйымдар ұсынылады \_\_\_\_\_

(бұйымның атауы немесе индексі, бұйым саны)

\_\_\_\_ ж. "—" №\_\_\_\_ шарт бойынша №\_\_\_\_ орын, №\_\_\_\_ ерекшелік.

Көрсетілген бұйымдарды ТББ тексерді және қабылдады, қолданыстағы \_\_\_\_\_

құжаттама талаптарына толық сәйкес келеді, алдыңғы кезеңдік сынаулармен

жылғы "—" №\_\_\_\_ акт (есеп беру) (атауы) бойынша расталды және  
әскери

өкілдікке тапсыру үшін жарамды деп танылды.

Ұсынылатын өнім \_\_\_\_\_ талаптарына  
сәйкес

(құжаттаманың атауы)

жиынтықталды.

Мынадай құжаттар ұсынылады:

1. Формулярлар, паспорттар, этикеткалар\_\_\_\_\_.

2. ТББ сынауларының \_\_\_\_ жылғы "—" №\_\_\_\_ хаттамалары, \_\_\_\_ парақта.

3. Әскери өкілдік кері қайтарған (екінші рет ұсынылған жағдайда)  
бұйымдардың

ақауларын талдау және жою және ТББ-ның оны қайта тексеруі туралы

\_\_\_\_ жылғы "—" №\_\_\_\_ акт.

Жасаушының басшысы\_\_\_\_\_

Бас инженер \_\_\_\_\_ (қолы) (тегі, инициалдары)

ТББ бастығы \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, инициалдары)

Хабарлама әскери өкілдікке \_\_\_\_ жылғы "—" \_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минутта  
келіп түсті.

Әскери өкілдіктің сынау жүргізу және (немесе) қабылдау туралы шешімі:  
синауды

(қабылдауды) \_\_\_\_\_ жүргізеді.

(тегі, инициалдары)

**Әскери өкілдік бастығы** \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, инициалдары)

"Хабарламаның" артқы жағы

**Әскери өкілдіктің қорытындысы Осы хабарлама бойынша ұсынылған**

(бұйымның атауы немесе индексі)

жалпы санынан

талаптарына,

(күжаттардың белгілері)

№ \_\_\_\_\_ бұйымдар сәйкес келеді,

(бұйымның (партияның) саны)

№ \_\_\_\_\_ бұйымдар қайтарылды,

(бұйымның (партияның) саны)

оның ішінде № \_\_\_\_\_ ақаулыққа жатқызылды.

(бұйымның (партияның) саны)

Кері қайтару (акаулыққа жатқызу) себебі

---

(өнімнің сәйкес келмеуінің нақты себептері, күжаттардың белгілері және қүжаттар тармақтарының нөмірлері)

---

Негіз: қабылдау-тапсыру сынауларының \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттамасы  
№ \_\_\_\_ әскери өкілдік өкілі \_\_\_\_\_

— (қолы) (тегі, инициалдары) (уақыты, күні).

бұйымдар

№ \_\_\_\_\_

(бұйымның атауы немесе индексі, бұйымның (партияның) саны)

талаптарына сәйкес келетін ретінде

(күжаттардың белгісі)

қабылданды және \_\_\_\_\_ жатады деп саналсын.

(кезеңдік сынауларға, жауапты сақтауға, тиеге)

Әскери өкілдіктің бастығы \_\_\_\_\_

— (қолы) (тегі, инициалдары)

Таныстым \_\_\_\_\_

— (ТББ өкілінің лауазымы) (қолы) (тегі, инициалдары)

№ \_\_\_\_\_ бұйымдар 20\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жасаушы жауапты сақтауға  
дейін қабылдады.

(алушының тәртіптемесі бойынша тиегу)

Бастық \_\_\_\_\_

(өткізу бөлімі, қойма)

(қолы)

(тегі, инициалдары)

Мөр орны

Меншік нысанына қарамастан,

кәсіпорындардағы  
 Қазақстан Республикасы  
 Қорғаныс министрлігі  
 әскери өкілдіктерінің жұмысы  
 жөніндегі нұсқаулықта  
 5-қосымша  
 Нысан

**Өндірісті жедел бақылауға № \_\_\_\_\_ тапсырма**

\_\_\_\_\_ берілді, берілген күні 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_  
 1. Не, қайда және қандай мерзімде бақылауға тиісті \_\_\_\_\_

Орындау мерзімі 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_  
 Әскери өкілдіктің бастығы \_\_\_\_\_  
 (қолы, тегі, инициалдары)

2. Тапсырмамен танысты:

Тексеруге қатысу үшін мыналар бөлінеді:

цехтан \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

ТББ-дан \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Цех бастығы \_\_\_\_\_ ТББ бастығы \_\_\_\_\_  
 (қолы, тегі) (қолы, тегі)

3. Жедел бақылау нәтижелері

P/c №	Анықталған кемшіліктердің, ақаулардың мазмұны	Кемшіліктердің себебі
----------	---	-----------------------

Әскери өкіл \_\_\_\_\_ ТББ өкілі \_\_\_\_\_  
 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

4. Әскери өкілдік басшысының қорытындысы \_\_\_\_\_

—  
—

Әскери өкілдік бастығы \_\_\_\_\_  
 (қолы, тегі, инициалдары)

Нысанның артқы жағы

5. Анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар

P/c №	Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындау туралы белгі
----------	------------	-----------------	-----------	----------------------

Цех бастығы \_\_\_\_\_ Бас инженер \_\_\_\_\_  
 Бақылау шебері \_\_\_\_\_ ТББ бастығы \_\_\_\_\_  
 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

## 6. Қайта тексеру нәтижесі мен қорытындысы:

Орындаушы \_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_

№\_\_\_\_\_ әскери өкілдіктің бастығы

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_

7. Ұйым басшысының мәліметіне жедел бақылау жөніндегі іс-шаралар тармақтарының орындарынан туралы 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_ шығ. №\_\_\_\_\_ қызметтік жазбамен (хатпен) жеткізілді.

№\_\_\_\_ әскери өкілдіктің бастығы

\_\_\_\_ (әскери атағы, қолы, тегі мен инициалдары)

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_

Меншік нысанына қарамастан,

кәсіпорындардағы

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігі

әскери өкілдіктерінің жұмысы


жөніндегі нұсқаулыққа

6-қосымша

Нысан

## Өндірісті жедел бақылауга тапсырмалар беру журналы

P/c №	Тапсырма ның номірі	Тегі, аты, әкесінің аты	Орындау мерзімі	Орындауш ының қолы, күні	Жедел бақылау жөніндегі іс-шаралар ды алған күні	Қайта бақылау күні және нәтижесі	Орындауш ының тапсырман ы орындаған ы туралы белгі, күні	Істің нөмірі, іске тігілген параптар дыш нөмірлері
1	2	3	4	5	6	7	8	9



Меншік нысанына қарамастан,

кәсіпорындардағы  
Қазақстан Республикасы  
Корғаныс министрлігі әскери  
өкілдіктерінің жұмысы  
жөніндегі нұсқаулықта  
7-қосымша  
Нысан

№ \_\_\_\_\_ күелік

№ \_\_\_\_\_ әскери өкілдік " \_\_\_\_\_" үйіміна ол хабарламалар  
бойынша ұсынған, техникалық шарттарға және 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_"  
№ \_\_\_\_\_ шартқа толық сәйкестікте жасалғаны және жасақталғаны туралы берген.  
Теменде көрсетілген өнім пайдалану үшін жарамды деп танылады және  
көрсетілген шарт есебінен қабылданған.

P/c №	Жеткізу ведомосындағы орын нөмірі	Өнімнің атапы	Өлшем бірлігі	Саны	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

№ \_\_\_\_\_ әскери өкілдіктің бастығы

---

(қолы, тегі, инициалдары)

20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_"

Осы күелікте аталған өнім жауапты сақтауға қабылданды.

Ұйым басшысы

---

(қолы, тегі, инициалдары)

20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_"

кәсіпорындардағы  
Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігі  
әскери өкілдіктерінің жұмысы  
жөніндегі нұсқаулықта  
8-қосымша  
Нысан

(уәкілетті органның немесе  
алушының атавы)

(орындаушының атавы)

\_\_\_\_\_ қаласы 20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ "

**№ \_\_\_\_\_ әскери өкілдіктің**

\_\_\_\_\_ өніміне

(қорғаныстық тапсырыс өнімінің атавы, келісімшарттың немесе шарттың күні  
мен нөмірі)

**шығ. № \_\_\_\_\_ ұсынылған калькуляцияға \_\_\_\_\_ қорытындысы**

Зерделенген құжаттар:

---

---

---

---

---

Жүргізілген тексеру нәтижелері:

P/c №	Анықталған кемшіліктердің, сәйкесіздіктің мазмұны	Негізде
-------	---	---------

Ұсынылған калькуляция бойынша қорытындылар және ұсынымдар:

---

---

---

---

---

Әскери өкілдік бастығының қорытындысы:

---

---

---

---

№\_\_\_\_\_ әскери өкілдіктің бастығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, Т.А.Ә., қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК